

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адамдар алған сыйлықтарды тапсыру бойынша жадынама

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, оларға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдар (бұдан әрі-тұлғалар) алған сыйлықтарды – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға тапсыру бойынша

ЖАДЫНАМА

1. Адамдар сыйлықты алған (білмей келіп түскен; адамның лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған; жария түрде немесе ресми іс – шаралар кезінде оның лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты берілген(тапсырылған) **сыйлықты алған (білген) күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде** оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – уәкілетті орган) немесе жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі-ЖАО) тапсырады.

Сыйлықты тапсыру тұлғаның сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламасын (бұдан әрі-хабарлама) қоса бере отырып, белгіленген нысан бойынша уәкілетті орган немесе ЖАО жасайтын Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау – беру актісі бойынша жүзеге асырылады.

2. Хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

уәкілетті органның немесе ЖАО атауы;

Сыйлық тапсырушының Т.А.Ә., оның лауазымы, жұмыс орны, байланыс деректері;

сыйлықтың атауы, оның саны және қысқаша сипаттамасы;

сыйлықты сатып алуға келісім беру немесе сатып алудан бас тарту туралы ақпарат.

Бұл ретте, сатып алған жағдайда **хабарламада жоғары тұрған лауазымды адам сатып алуды келіскені туралы белгі (Т.А.Ә., лауазымы, қолы, мөрмен расталған) қояды.**

3. Тұлға сыйлықты ЖАО-ға тапсырған кезде ЖАО 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тиісті хабарлама жібереді. ЖАО-ға тапсырылған сыйлықтар жоғарыда көрсетілген мерзімде есепке алуды, сақтауды және бағалауды ұйымдастыру үшін уәкілетті органға берілуге тиіс.

4. Уәкілетті орган сыйлықты тапсырған тұлғадан тиісті хабарламаны алғаннан кейін 7 күнтізбелік күн ішінде сыйлықты бағалауды жүргізеді және көрсетілген тұлғамен сатып алу-сату шарты жасалады. Бұл ретте тұлғалардың ЖАО-ға өткізген сыйлықтары бойынша бағалау жүргізу және сатып алу-сату шартын

жасасу мерзімі жергілікті атқарушы органнан тиісті хабарлама алған сәттен бастап есептеледі.

5. Уәкілетті орган арнаулы мемлекеттік қордан сыйлықты тапсырған адам оны сатып алудан жазбаша түрде бас тартқаннан кейін ғана үшінші тұлғаларға сатуға құқылы.

Анықтама үшін: Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 5 шілдедегі «әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 472-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес уәкілетті органға сыйлық түріндегі мүлікті толық және (немесе) уақтылы бермегені үшін, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, әкімшілік-құқықтық жауапкершілік көзделген.